№ 1 (1)
2025

ҒЫЛЫМИ ИННОВАЦИЯЛАР

ғылыми журналы



научный журнал

НАУЧНЫЕ ИННОВАЦИИ

scientific journal

SCIENTIFIC INNOVATIONS

«ҒЫЛЫМИ ИННОВАЦИЯЛАР» ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ «НАУЧНЫЕ ИННОВАЦИИ»

«SCIENTIFIC INNOVATIONS» SCIENTIFIC JOURNAL

Журнал 2025 жылдан бастап шығады

Журнал издается с 2025 года

The journal is published from 2025

Меншік иесі: «Неотехнология жене кауіпсіздік гылыми-зерттеу институты» ЖМ

Собственник: ЧУ «Научно-исследовательский институт Неотехнологий и Безопасности»

Owner:ChU «Research Institute of Neotechnology and Security»

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат жене қоғамдық даму министрлігінін Ақпарат комитетінде тіркелген,

2025 жылы 4 карашадағы № KZ06VPY00133490 куәлік

Журнал зарегистрирован в Комитете информации Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан,

свидетельство №KZ06VPY00133490 от 4 ноября 2025 года.

The journal is registered with the Information Committee of the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan, certificate

№ KZ06VPY00133490 dated November 4, 2025

Журнал тоқсан сайын шығарылады (жылына 4 рет)

Журнал издаётся ежеквартально (4 раза в год)

The magazine is published quarterly (4 times a year)

Редакцияның мекен-жайы: 150000, Қазақстан Республикасы, Солтүстік-Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Бостандық көшесі, 51

Адрес редакции: 150000, Республика Казахстан, Северо-Казахстанская область, г. Петропавловск, ул. Бостандыкская, 51.

Editorial office: 150000, Republic of Kazakhstan, North Kazakhstan region, Petropavlovsk, st. Bostandyk, 51

Сайт журнала: www.nii-ntb.com

E-mail: jornal@nii-ntb.com

Телефоны редакции: +7 (7152) 33-44-35, +7 778 569 19 61, +7 707 279 85 75

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ
EDITORIAL BOARD

Редакциялық алқа / Редакционная коллегия / Editorial board

Чекалёва Надежда Викторовна, *педагогика ғылымдарының докторы*
Чекалёва Надежда Викторовна, *доктор педагогических наук*
Chekaleva Nadezhda Viktorovna, *doctor of pedagogical sciences*

Савинкин Виталий Владимирович, *техника ғылымдарының докторы*
Савинкин Виталий Владимирович, *доктор технических наук*
Savinkin Vitaly Vladimirovich, *doctor of technical sciences*

Жәмпейісов Ғазиз Нұрмұратұлы, *философия докторы (PhD)*
Жампеисов Газиз Нурмуратович, *доктор философии (PhD)*
Zhampeisov Gaziz Nurmuratovich, *Ph.D.*

Шапашев Мұрат Асқаруұлы, *философия докторы (PhD)*
Шапашев Мурат Аскарович, *доктор философии (PhD)*
Shapashev Murat Askarovich, *Ph.D.*

Батаева Фроза Асанқызы, *филология ғылымдарының кандидаты*
Батаева Фроза Асановна, *кандидат филологических наук*
Bataeva Froza Asanovna, *candidate of philology*

Горковенко Людмила Александровна, *экономика ғылымдарының кандидаты*
Горковенко Людмила Александровна, *кандидат экономических наук*
Gorkovenko Lyudmila Aleksandrovna, *candidate of economics*

Кусаинова Айсұлу Әмірханқызы, *философия докторы (PhD)*
Кусаинова Айсулу Амирхановна, *доктор философии (PhD)*
Kusainova Aisulu Amirkhanovna, *PhD*

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / TABLE OF CONTENTS

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
ИННОВАЦИОННАЯ ПЕДАГОГИКА И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ
INNOVATIVE PEDAGOGY AND EDUCATIONAL TECHNOLOGIES

ЕСКАРАЕВА Р. Ж., ИБАШОВА А. Б. Развитие критического мышления и познавательной активности учащихся начальной школы с помощью интерактивных инструментов визуализации 7

ИМАНОВ А. К., АТЫГАЕВ Ж. А. Цифровая культура обучающихся в контексте информационной безопасности личности 19

МАКАЖАНОВА Ж. М. Поликультурность студентов в условиях современного образования как основа позитивных межкультурных взаимоотношений 27

ХАЛЬМЕТОВ К. Р., ПАЗЫЛОВА Д. Т., УАЛИХАНОВА Б. С. Особенности критериального оценивания виртуальных лабораторных работ по физике в условиях цифровизации среднего образования 35

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА
ЭКОЛОГИЯ И ОКРУЖАЮЩАЯ СРЕДА
ECOLOGY AND THE ENVIRONMENT

KUSAINOVA A. A., KAIGORODOVA Y. V. Assessment of the impact of changes in Heat and moisture supply regimes on grain productivity in Northern Kazakhstan 52

САРБАСОВА Л. Н., АТЫГАЕВ Ж. Ж. Метод исследования химического состава экстрактов полыни и их биологической активности на основе бумажной хроматографии 68

КЕШЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ
КОМПЛЕКСНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ И УСТОЙЧИВОСТЬ
INTEGRATED SAFETY AND SUSTAINABILITY

КОРАБАЕВ Ж. А., ГРОСКОП Р. В. Изделие для запирания ствола гладкоствольного ружья мр-133 и форд – 500 в шаровой опоре амбразуры бронетранспортера бтр-80 и его модификаций 81

РОМАНОВА В. В., САНДАЛА Д. Женщины на войне: подвиги и судьбы 87

ӘОЖ: 37.032
ҒТАМР: 14.33.07

МАКАЖАНОВА Ж.М.

Доктор философии (PhD), преподаватель, Высший колледж имени Магжана Жумабаева, Петропавловск, Казахстан, ORCID: 0000-0001-7107-278X

ПОЛИКУЛЬТУРНОСТЬ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАК ОСНОВА ПОЗИТИВНЫХ МЕЖКУЛЬТУРНЫХ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ

Андатпа. Мақалада колледж студенттерінің полимәдениеттілік деңгейі, қазақ және орыс тілдерінде оқытылатын топтардағы этносаралық өзара әрекеттесу ерекшеліктері талданады. Зерттеудің мақсаты – студенттердің басқа этностық топ өкілдеріне қатысты көзқарастарын анықтау және полимәдениетті білім беру ортасын қалыптастыруға кедергі келтіретін факторларды айқындау. Зерттеу әдістері ретінде ғылыми әдебиеттерді талдау және сауалнама жүргізу қолданылды. Нәтижелер студенттерде жағымды көзқарастардың, толерантты қатынастың және этностық бірегейліктің жеткілікті деңгейде қалыптасқанын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының көпұлтты сипатына деген мақтаныш сезімінің басым екенін көрсетті. Сонымен қатар этносаралық байланыстардың қарқындылығында айырмашылықтар, интолеранттылықтың жекелеген көріністері, тілдік кедергі және полимәдениеттілік ұғымының жеткіліксіз түсінілуі анықталды. Зерттеу нәтижелері студенттік ортада полимәдениетті құзыреттілікті, билингвизмді және этносаралық диалогты мақсатты түрде дамыту қажеттігін негіздейді.

Түйінді сөздер: қазіргі заманғы білім берудің көп мәдениеттілігі, жеке тұлға ретінде көп мәдениеттілік, студенттердің мәдениетаралық өзара қарым-қатынасы, ц, толерантты көзқарас

МАКАЖАНОВА Ж.М.

Доктор философии (PhD), преподаватель, Высший колледж имени Магжана Жумабаева, Петропавловск, Казахстан, ORCID: 0000-0001-7107-278X

ПОЛИКУЛЬТУРНОСТЬ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАК ОСНОВА ПОЗИТИВНЫХ МЕЖКУЛЬТУРНЫХ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ

Аннотация. В статье анализируется уровень поликультурности студентов колледжа и особенности межкультурного взаимодействия в группах с казахским и русским языками обучения. Цель исследования – выявить характер установок студентов по отношению к представителям других этнических групп и определить барьеры формирования поликультурной образовательной среды. Методами исследования выступили анализ научной литературы и анкетирование. Результаты показали преобладание позитивных установок, толерантного отношения и сформированную этническую идентичность студентов, а также выраженное чувство гордости за многонациональный характер Республики Казахстан. Вместе с тем выявлены различия в интенсивности межэтнических контактов, отдельные проявления интолерантности, языковой барьер и недостаточное понимание сущности поликультурности. Сделан вывод о необходимости целенаправленного развития поликультурной компетентности, билингвизма и межкультурного

диалога в студенческой среде.

***Ключевые слова**:* поликультурность современного образования, поликультурность как качество личности, межкультурные взаимоотношения студентов, толерантное отношение

MAKAZHANOVA Z.

Доктор философии (PhD), преподаватель, Высший колледж имени Магжана Жумабаева, Петропавловск, Казахстан, ORCID: 0000-0001-7107-278X

ПОЛИКУЛЬТУРНОСТЬ СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАК ОСНОВА ПОЗИТИВНЫХ МЕЖКУЛЬТУРНЫХ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ

***Annotation**.* The article analyzes the level of multiculturalism among college students and the characteristics of interethnic interaction in groups with Kazakh- and Russian-medium instruction. The purpose of the study is to identify students' attitudes toward representatives of other ethnic groups and to determine the barriers to the formation of a multicultural educational environment. The research methods include an analysis of scholarly literature and a questionnaire survey. The results demonstrate a predominance of positive attitudes, tolerance, and a well-formed ethnic identity among students, as well as a strong sense of pride in the multinational character of the Republic of Kazakhstan. At the same time, differences in the intensity of interethnic contacts, isolated manifestations of intolerance, language barriers, and an insufficient understanding of the concept of multiculturalism were identified. The study concludes that there is a need for the purposeful development of multicultural competence, bilingualism, and intercultural dialogue in the student environment.

***Keywords**:* multiculturalism of modern education, multiculturalism as a quality of personality, intercultural student relations, tolerant attitude

Kipicпe.

Kipicпe. Әртүрлі этникалық мәдениет өкілдерімен сәтті өзара әрекеттестікті әртүрлі терминдермен атайды: мультимәдениеттілік және полимәдениеттілік. Аталып өткен бұл түрлі анықтамалардың мәнін тең деп қабылдауға болмады. Осыған байланысты сұрақ туындайды: бұл ұғымдар синоним болып табылады ма, әлде олардың арасында айырмашылық бар ма?

Осы мәселеге байланысты О.В. Гукаленко «полимәдениеттілік» және «мультимәдениеттілік» терминдерді ажырату қажет деп есептейді. С.Л. Новолодская пікірінше, «полимәдениеттілік» және «мультимәдениеттілік» ұғымдары – бұл әртүрлі әлеуметтік процестерді білдіретін екі түрлі термин [1]. Осы зерттеу контекстінде «полимәдениеттілік» ұғымы сөздіктерде берілгеннен әлдеқайда кең түсінікте қарастырылады, онда көбінесе ол «мультимәдениеттілік» ұғымымен бірдей деп есептеледі [2].

«Мультимәдениеттілік» ұғымының дәлірек анықтамасын Т.В. Зиновьева берген: мультимәдениеттілік – мәдени плюрализмнің құндылығы, мәдени формалардың әртүрлілігі мен алуан түрлілігінің өзектілігі мен маңыздылығы. Онда «бейтаныс»

«басқа» ретінде қарастырылады, бұл ұғымның негізгі сипаттамасы болып табылады. Яғни, полимәдениеттілікте әртүрлі мәдениеттер өзара әрекеттесіп, бір-бірін толықтырады және нәтижесінде ортақ, біртұтас қоғам қалыптасады, ал мультимәдениеттілік мұндай әлеуметтік принциптерді қолдамайды, «бейтаныс» мәдениетті «басқа» деп санап, онымен байланыс орнатпайды және ол үшін бөтен, белгісіз нәрсе болып қала береді.

Шетелдік зерттеушілер A. Schwarz және R. West-Pavlov Австралия мен Германиядағы мультимәдениеттілік дискурс жүргізетін ғалымдардың зерттеулерін «Полимәдениеттілік және дискурс» жинағында біріктіріп, «полимәдениеттілік» термині «мультимәдениеттілік» ұғымынан ерекшеленетінін дәлелдеді [3].

Осылайша, полимәдениеттілік пен мультимәдениеттілік феномені мәдени плюрализм арқылы ашылады. Полимәдениеттілік әртүрлі мәдениеттердің өкілдері арқылы біртұтас қоғам құруды бейнелейді, ал мультимәдениеттілік этномәдениеттердің өзара бірегейлігін немесе ерекшелігін қарастырмайды, ол барлық этникалық мәдениеттерге тең мүмкіндіктер мен құқықтар береді, яғни бір қоғамда өмір сүретін әр мәдениет өкілдері өз «әлемінде» өмір сүреді.

Шетелдік дереккөздерде бұл екі ұғымдар арасында нақты шекара жоқ. Итальяндық ғалым A. Portera «мультимәдениеттілік білім беру» ұғымынан айырмашылығы ретінде «интермәдениеттілік білім беру» ұғымын қарастырады және білім берудің интермәдениеттілік мәні қоғамның ғаламдануымен байланысты деген пікірді қолдайды. Оның ойынша, мультимәдениеттілік білім беру концепциясы мәдени әртүрлі қоғамда қабылдау, ынтымақтастық және үйлесімді қатар өмір сүруді көздейді [4]. Швейцариялық зерттеуші J. Stier интернационализация, этникалық әртүрлілік және интермәдениеттілік құзыреттіліктерді меңгеру арасындағы байланысты зерттеген [5]. Полимәдениеттілік әлеуметтік феномен ретінде қарастырылса, мультимәдениеттілік қоғамдағы түрлі мәдениеттердің алуан түрлілігін қолдайды.

Полимәдениеттілік құбылысы көптілділікпен тығыз байланысты. Көптілділік мәселелерін зерттеген көптеген ғалымдардың еңбектерінің ішінде J.T. Maluch, M. Neumann, S. Kempert оқушылардың оқу үлгеріміне қостілділіктің ықпалы мәселесіне арналған зерттеулерін, E.Hoff, K.Ribot ағылшын және испан тілдерінің балалардың сөйлеу дамуына әсерін қарастыратын еңбектерін, J.M. DeJesus, H.G. Hwang, J.B. Dautel, K.D. Kinzler әлеуметтік пайымдаулар мен ағылшын және француз тілдерін меңгеру арасындағы байланыстарды талдайтын жұмыстарын, W.Q. Yow, X. Li ағылшын және француз тілдерін меңгерген балалардың әлеуметтік таңдаулары мен оқыту ерекшеліктеріне арналған зерттеулерін, L. Feng, Y. Gai, X. Chen біртілді және қостілді балаларды оқытудағы айырмашылықтарға қатысты

еңбектерін, N. Atagi, E.R. Goldenberg, C.M. Sandhofer ағылшын және жапон тілдерін меңгерудің балалардың имитациялық мінез-құлқына ықпалын қарастыратын зерттеулерін, S.Wermelinger, A.Gampe, M.M. Daum қостілді неміс балаларының коммуникативтік қабілеттерін талдайтын еңбектерін, E.Blom, A.C. Küntay, M. Messer, J. Verhagen, P. Leseman түрік-голландиялық балалардың психикалық үдерістерінің даму ерекшеліктерін зерттеген жұмыстарын, С.П. Хорошилова мен Е.А. Костинаның әртүрлі этномәдени ерекшеліктері бар студенттердің шетел тілін және оқытылатын елдің мәдениетін меңгеруіне қысқа мерзімді курстардың ықпалын зерттеген еңбектерін атап өтуге болады [3].

Егер әртүрлі мәдениеттердің өкілдері бір-бірімен байланысқа түспесе, бөлек өмір сүріп, ортақ полимәдениетті қоғам құруға ұмтылмаса, бұл, ең жақсы жағдайда, мультимәдениеттілікке әкеледі, ал ең жаман жағдайда – әлеуметтік наразылық пен түрлі қоғамдық дағдарыстарға себеп болуы мүмкін. Полимәдениетті білім берудің идеясы әртүрлі ұлт өкілдері арасындағы қарым-қатынаста туындайтын түсінбеушілікті болдырмауға бағытталған және ол мәдениеттер арасындағы диалог, басқа адамның мәдениеті мен тілін білу және құрметтеу негізінде құрылады. Полимәдениетті білім беру қазіргі білім берудің маңызды бөлігі болып табылады, оның мәні мен мазмұны өз мәдениетін және басқа халықтардың мәдени құндылықтарын білуге, жастарды полимәдениеттілік көзқарас негізінде басқа мәдени жүйелерге құрметпен қарауға тәрбиелеуге бағытталған [6].

Материалдар мен әдістер.

Материалдар мен әдістер. Студенттердің полимәдениеттілігін зерттеу мақсатында Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледжінде қазақ және орыс тілінде білім алатын топтарда сауалнама жүргізілді.

Зерттеу шеңберінде сауалнама әдісі қолданды, ол студенттердің полимәдениетті ортадағы мәдениет аралық қатынастарына қатысты сұрақтардан тұрды. Студенттер «полимәдениеттілік» ұғымын қалай түсінеді? Басқа ұлт пен дін өкілдеріне олардың қатынасы қандай? Қазақ және орыс тіліндегі топтардағы студенттердің арасындағы қатынастар қаншалықты жақын?

Сауалнамаға 200 студент қатысты. Респонденттердің шынайылығын арттыру мақсатында сауалнама өздігінен толтыру режимінде өткізілді.

Сауалнама нәтижелерін талдау барысында студенттерді оқу тілі бойынша топтарға бөлу жүргізілді. Нәтижесінде 2 қосалқы топ бөлінді:

Бірінші қосалқы топ – орыс тілінде білім алатын студенттер (100 студент). Этникалық құрамы: орыстар – 45%, қазақтар – 30%, қалғандары (немістер, украиндар, татарлар, беларустар және басқалар) – 25%. Бұл қосалқы топ үлгілі көпмәдениетті топ болып табылады;

Екінші қосалқы топ – қазақ тілінде білім алатын студенттер (100 студент).

Зерттеу нәтижелері.

Нәтижелер. Білім алушылардың полимәдениеттілік деңгейін зерттеу нәтижелері бойынша «қазақ» және «орыс» тіліндегі топтардағы студенттер арасындағы өзара қатынастарда айырмашылықтар бар екені анықталды.

Талқылау.

Талқылау. Орыс тілінде оқитын топтың 75%-ы, ал қазақ тілінде оқитын топтың 45%-ы көршілес тұратын басқа ұлт өкілдеріне деген жағымды қатынас танытқаны белгілі болды. Сондай-ақ, сауалнамаға қатысқан студенттердің 13%-ы қазақ тіліндегі топтарға, ал 1%-ы орыс тіліндегі топтарға қарсы көзқарас танытқан.

Полимәдениетті орта үшін маңызды шарттардың бірі – толерантты қатынас, әртүрлі этникалық топтардың тең құқығын мойындау. Сонымен қатар адамның санасында толерантты адамның өз әрекеті арқылы басқаларға құрмет көрсететіні, үстемдік пен зорлыққа жол бермейтіні түсінігі басым болуы керек. Егер орыс тіліндегі топтардың әр респонденті басқа ұлт өкілдерінен достар тапса, қазақ тіліндегі топтардың 60%-ы басқа мәдениеттің өкілдерімен достасса, қалған 40%-ы танысуға және достасуға дайын екенін көрсетті.

«Мен басқа ұлт өкілін көргенде өзімді қалай сезінемін?» деген сұрақ ашық формада қойылып, респонденттерге тек оң эмоциялар ғана емес, сонымен қатар басқа мәдениет өкілдеріне қатысты теріс сезімдерін көрсету мүмкіндігі берілді. Барлық топтарда қорқыныш, ыңғайсыздық, жеккөрушілік, басқа ұлтқа сенбеу сияқты сезімдерге ие студенттер бар (әр топта бұл көрсеткіш 5%-ға дейін жетеді). Бірақ көпшілік студенттер басқа ұлт өкілдеріне қызығушылық, құрмет, таңғалушылық сияқты жағымды сезімдерді көрсетеді.

Келесі сұрақта респонденттерге ұлттық ерекшелігіне байланысты басқалардан теріс қатынас көргендері туралы сұралды, бұл шынымен де төзімсіз әрекет пен басқа ұлт өкілдеріне теріс сезімдердің бір себебі болып табылады. Орыс тіліндегі топтағы әр төртінші респондент, қазақ тіліндегі топтағы әр алтыншы респондент өзіне қарсы теріс қатынасты сезінгенін айтты.

Сауалнама нәтижелері орыс тіліндегі топтың 87%-ы және қазақ тіліндегі топтың 99%-ы респонденттерінде этностық бірегейліктің қалыптасқанын көрсетті.

Көпшілік студенттер көпұлтты елге деген мақтаныш сезімін танытады, олар өздерін басқа этномәдениеттерді тануға мүмкіндік ашылғанын түсінеді. Бірақ сауалнамаға сәйкес, тек 40% респондент «полимәдениеттілік» ұғымын сипаттай алды.

«Қазақ және орыс тіліндегі топтардағы студенттердің арасындағы тығыз қатынастар қаншалықты орнаған?» деген сұраққа орыс тіліндегі топтардың 30%-ы,

қазақ тіліндегі топтардың 60%-ы басқа бөлімдердегі студенттермен (орыс және қазақ бөлімдері) тығыз қатынаста екенін көрсетті.

Зерттеу барысында колледж студенттері арасындағы тығыз қатынастың жоқтығының маркерлерін анықталды. Нәтижесінде респонденттер оларды былай көрсетті:

Орыс тіліндегі студенттердің жауаптары:

- танысу мүмкіндігінің жоқтығы;
- «қазақ» топтарының студенттері өздерін бізден жоғары қояды;
- қызығушылықтың болмауы және ештеңемен байланысты емес;
- тілдік кедергі (қазақ тілін білмеу).

Қазақ тіліндегі студенттердің жауаптары:

- танысуға себеп жоқ;
- «орыс» топтарының студенттерімен тек бәсекелестік бар;
- «орыс бөлімінің» студенттері мемлекеттік тілде сөйлемейтіні ұнамайды, тілдік кедергі (көпшілігі орыс тілін білмейді).

Колледж студенттері арасындағы тығыз диалогқа кедергі болатын себептерде «қазақ және орыс тіліндегі топтар» арасындағы қарсыласу айқын сезіледі, бұл агрессивті мінез-құлық, бір-бірімен араласқысы келмеу, «өзіміз» және «бөтен» деп бөлу, тіл білмеу арқылы көрінеді. Бір полимәдениетті ортада екі бөлімнің студенттерінің тіл білмеуі (қазақ және орыс тілдері) негізгі бөлінуші факторлардың біріне айналады.

Қорытынды.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу колледж студенттерінің полимәдениеттілік деңгейі негізінен басқа этникалық топ өкілдеріне деген позитивті көзқарастардың басым болуымен сипатталатынын көрсетті, алайда қазақ және орыс тілдерінде оқитын студенттердің арасындағы өзара қатынастарда бірқатар маңызды қарама-қайшылықтар мен кедергілер сақталуда.

Алынған деректер көрсеткендей, көпшілігі студенттердің толерантты қатынас, басқа ұлт өкілдеріне қызығушылық және құрмет көрсететіні байқалады, ал респонденттердің этникалық бірегейліктері жеткілікті деңгейде қалыптасқан. Қазақстан Республикасының көпұлтты сипатына деген мақтаныш сезімі басым болып, білім беру мекемесінде полимәдениетті ортаны дамыту үшін әлеуетті қолайлы негіз қалыптастырады.

Сонымен қатар, этникалық топтар арасындағы байланыс ашықтығы мен қарқындылығы деңгейінде айырмашылықтар анықталды: орыс тіліндегі топтар көпмәдениетті болғандықтан, басқа ұлт өкілдерімен дос бола алатынын, ал қазақ тіліндегі топтарда бір бөлігі тек танысуға және достасуға дайын екенін көрсетті.

Ең маңызды фактілердің бірі – студенттердің көпшілігі «полимәдениеттілік» ұғымын толық түсінуде қиындықтар сезінетіні, бұл осы салада саналы білім мен жүйелі түсініктің жеткіліксіз деңгейін көрсетеді. Тығыз топаралық байланыстар қалыптастыруға негізгі кедергілер болып тілдік тосқауыл, өзара стереотиптер, бәсекелестік және «өзіміз» бен «бөтен» деп бөлу саналады.

Осылайша, колледждегі полимәдениетті ортаның дамуы үшін айтарлықтай әлеуеті бар, бірақ оның тиімді қызметін студенттердің мәдениет аралық коммуникациясы мен тілдік құзыреттілігінің жеткіліксіздігі тежейді. Бұл полимәдениетті құзыреттілікті қалыптастыру, биллингвизмді дамыту, студенттік ортаның диалогын, өзара құрметін және этникалық шиеленістің төмендеуін қамтамасыз ететін оқу және сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізу қажеттілігін өзекті етеді.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Новолодская С.Л. Дефиниция понятий «поликультурный» и «мультикультурный» // Вектор науки Тольяттинского государственного университета. Серия: Педагогика, психология. - 2012. - № 1 (8). - С. 234-237
2. Левикова С.И. Мультикультурализм как социальная проблема, или чем отличается «мультикультурализм» от «поликультурности». Известия Волгоградского государственного педагогического университета. 2014. № 3 (88). С. 37-41
3. Makazhanova Zh.M., Bataeva F.A., Bratayeva A.A., Mavrina I.A. Characteristic features of developing multiculturalism as a students’ personality trait and the basis of positive intercultural relations in the context of modern education // Science for Education Today. – 2019. – Т.9, № 4. – P. 231–246
4. Portera A. Intercultural education in Europe: epistemological and semantic aspects // Intercultural education. – 2008. – Vol. 19, № 6. – P. 481–491
5. Stier J. Internationalisation, Ethnic Diversity and the Acquisition of Intercultural Competencies // Intercultural Education. – 2003, - Vol. 14, Issue 1. – P. 77–95
6. Makazhanova Zh.M., Mavrina I.A., Batayeva F.A. Batayeva Multiculturalism as a property of the educational environment of the college // Research Result. Pedagogy and Education. – 2019. – Т. 5, №3. – С. 49–58

REFERENCES:

1. Novolodskaya S.L. The definition of the concepts "polycultural" and "multicultural" // Science vector of Togliatti State University. Series: Pedagogy, Psychology. - 2012. - № 1 (8). - P. 234-237
2. Levikova, S.I. Multiculturalism as a Social Problem, or How “Multiculturalism” Differs from “Polyculturality” / Izvestiya of the Volgograd State Pedagogical University. – 2014, – Vol. 3 (88). – P. 37–41

3. Makazhanova Zh.M., Bataeva F.A., Bratayeva A.A., Mavrina I.A. Characteristic features of developing multiculturalism as a students' personality trait and the basis of positive intercultural relations in the context of modern education // Science for Education Today. – 2019. – T.9, № 4. – P. 231–246
4. Portera A. Intercultural education in Europe: epistemological and semantic aspects // Intercultural education. – 2008. – Vol. 19, № 6. – P. 481–491
5. Stier J. Internationalisation, Ethnic Diversity and the Acquisition of Intercultural Competencies // Intercultural Education. – 2003, - Vol. 14, Issue 1. – P. 77–95
6. Makazhanova Zh.M., Mavrina I.A., Batayeva F.A. Batayeva Multiculturalism as a property of the educational environment of the college // Research Result. Pedagogy and Education. – 2019. – T. 5, №3. – C. 49–58